22115002133

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 17 желтоқсан № 1112-24-00-2/3952 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева
сот отырысының хатшысы Ш.Шарипованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ADS-Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі М.Б.Асанова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талапкер мен жауапкер арасында 2024 жылдың 19 шілдеде жалпы сомасы 17 400 000 теңгеге № 06/07-ц мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде су және басқа да таза, химиялық бейтарап сұйықтықтарға арналған, желілік, берілуі 500-5000 м3/с Сорғы, саны – 4 дана (бұдан әрі – Тауар) жеткізуге тиіс еді.

Тапсырыс беруші өтінімді Веб портал арқылы 2024 жылғы 26 шілдеде жіберген болды. Орындау мерзімі 2024 жылғы 11 тамызда аяқталды.

Жауапкер шартты орындаған жоқ.

2024 жылғы 10 қыркүйекте талапкер жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінген.

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 24.12.2024
Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Бегенбаева А. С., 29.01.2025
1112-24-3-6/314

Талапкердің өкілі сот отырысында талап арызды қолдады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады, істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы азаматтық процестік Кодексінің (ары қарай - АПК) 196-бабы негізінде сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі оның қатысуынсыз қарады

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Азаматтық кодекстің 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Жоғарыда айтылғандай, жауапкер шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Занының 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Шарттың 1-қосымшасына қарағанда жауапкер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде су және басқа да таза, химиялық бейтарап сұйықтықтарға арналған, желілік, берілуі 500-5000 м3/с Сорғы, саны – 4 дана жеткізуге тиісті еді. Алайда жауапкер тауарды жеткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талабы негізді.

АПК-нің 117-бабының 1-тармағы негізінде жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж алымы өндірілуге жатады.

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 24.12.2024
Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Бегенбаева А. С., 29.01.2025
1112-24-3-6/314

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 229 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «ADS-Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«ADS-Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ADS-Commerce» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығыны өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) прокурордың өтінішхаты беруі мүмкін.

.

Судья А.С.Бегенбаева

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 24.12.2024

Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Бегенбаева А. С., 29.01.2025

1112-24-3-6/314